

"Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдалануға рұқсаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті Төрағасының 2002 жылғы 12 қарашадағы N 233-о бұйрығына өзгертулер енгізу туралы (N 2077 тіркелген)

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 5 тамыздағы N 164-б бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 25 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3036. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 13 шілдедегі N 295 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009.07.13. N 295 Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін әрі қарай дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 13 маусымдағы N 1107 Жарлығына сәйкес бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдалануға рұқсаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті Төрағасының 2002 жылғы 12 қарашадағы N 233-о (N 2077 тіркелген) бұйрығының 1-ші және 2-ші қосымшаларының мәтінінде "Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті" және "Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитетінің" сөздері "Байланыс саласындағы уәкілетті орган" және сөздері "Байланыс саласындағы уәкілетті органы" сөздерімен ауыстырылсын, "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі" сөздері а л ы н ы п т а с т а л ы н с ы н .

2. Байланыс саласындағы мемлекеттік қадағалау және лицензиялау департаменті (Р.Р. Нұршабеков) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуге ұсынылуын қамтамасыз е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төраға орынбасары А.Қ. Ж ұ м а ғ а л и е в к е жү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуге алынған күнінен бастап күшіне енеді, таныстырылуға және таратылуға тиісті.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК